21956506398

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 31 қазан №4712-24-00-2/3930 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «№43 мекеме» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Нурболат» басшысы Намиялы Жансая Нуржанқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «№43 мекеме» республикалық мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер «Нурболат» басшысы Намиялы Жансая Нуржанқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұлды өндіру туралы талап қоюы– қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Нурболат» басшысы Намиялы Жансая Нуржанқызын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Нурболат» басшысы Намиялы Жансая Нуржанқызынан мемлекет пайдасына айыппұлды 6 880 (алты мың сегіз жүз сексен) теңге және 2 053 (екі мың елу үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 04.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 11.12.2024, судья Борашева А. А., 16.12.2024

4712-24-3-1/3642